

Ойлау және интеллект бұзылыстары

- **Ойлау – айналадағы әлемді оның толық байланыстарымен, ішкі заңдылықтарымен өз санасында көрініс табу, тек бақылау емес сонымен қатар болып жатқанды ұғу.**

Ойлаудың түрлері

- Көрнекі – әрекетті
- Заттық – нақты
- Дерексіз – қисынды
- наглядно – действенное
предметно – конкретное
абстрактно – логическое

Көрнекі – әрекетті ойлау

1. Нақты белгілерге негізделеді (түйсік, қабылдау)
2. Нақты жағдайға тіркеледі
3. Бірінші сигнальды жүйе қызметіне байланысты.

Заттық – нақты ойлау

- **Байланыстардың бейнесі мен қоршаған отаның қатынасы тікелей адамның тәжірибелік әрекетіне кірген заттармен манипуляция жолымен жүзеге асады.**
- (тағам қабылдау үшін немесе жұмыс үшін адам үстелге жақындатып орындық қояды, бұл заттардың қасиетіне анализдан тыс немесе қандайда бір ой тұжырымы және жиһаз түсінігі пайда болмай тұрып)

Дерексіз – қисынды ойлау

- Бұл заттар мен құбылыстар арасында байланыс (ассоциация) орнату.
- Ассоциация беткей болады (механикалық), оларға жататын ассоциация ұқсастығы бойынша (формасы, түсі, рифма), қарама – қайшылығы бойынша (қайталап ұқсау), араласқандығы бойынша – уақыт және кеңістікте

Ассоциативті процестің темпі бойынша

Жылдамдау шперрунг
Баяулау
Байымдылық

Құралуы бойынша

Байланыссыздық
Бөліну
Резонерлік

Продуктивті емес
(формасы бойынша)

Ойлау бұзылыстары

↓
Продуктивті
(мазмұны бойынша)

Жабысқақ

ойлар
Еріктен тыс пайда болатын,
жағдайды адакватты емес өткеруіне байланысты Науқастың санасында басымдылық алатын ойлар.
Бірақ, науқасты оларға сыны

Аса бағалы

ойлар
Аффективті боялған, шынайы оқиғаға байланысты пайда болған доминатты пікір.
(себептермен күресумен бірге болмайды,)

Сандырақ

ойлар
Қате, түзетуге келмейтін ойтүйіндеулер патологиялық Негізде пайда болады және Науқастың дүние танымын анықтайды .

Қарқын бойынша ойлау бұзылысы

- Жылдамдаған және баяулаған ойлау.

- **Ассоциациялық процестің жылдамдауы – әрбір уақыт аралығында түзілген ассоциация мөлшерінің көбеюі, олардың басталуының жеңілдеуі. Сонымен бірге үздіксіз пайда болған ой-пікір, пайымдау. Ой қорытындысы неғұрлым үстіртін, кездейсоқ байланыстарға себепші бола түседі.**

- **Ассоциациялық процестің баяулай – мұнда жанағы айтқанымызға қарама-қарсы ассоциация өте баяулайды, олар жұтаң бола түседі. Ой пікірлер мен түсініктер өте аз, қиыншылықпен түзіледі мазмұны да бірыңғай, тапшы болып келеді.**

- **Ойлаудың персеверациясы – ассоциациялық процестің шұғыл қиындауы байқалғанда белгілі бір ойдың, бір түсініктің ұзақ уақыт бойы басым келуі. Айталық, бірінші сұраққа жауап бергеннен кейін сол жауап басқа мазмұндағы келесі сұрақтарда да қайталанып отырады.**

- **Ойлаудың пайымдылығы – алдыңғы ассоциацияның ұзақ уақыт бойы үстем болуы салдарынан жаңа ассоциациялардың түзілуі шектен тыс баяулайды. Науқас бірдеңені баяндау кезінде қажетсіз көріністер егжей-тегжейлі келтіріледі, ешқандай мәні жоқ ұсақ-түйектер ыждағатпен сипатталады.**

- **Ойлаудың байланыссыздығы (инкогеренция) – ассоциация түзілуіне, қабылдау, түсініктер, ұғымдар жалғастығына, байланыстар мен қарым-қатынастардағы шындықтың бейнеленуіне қабілеттің жоғалуы.**

Ой тасқыны

(ойдың қаптап кетуі, ментизм)

- Науқастың қалауынан тыс, оның санасында пайда кездейсоқ болатын ойлармен сипатталады, бұл кезде “қаптап кету” жайында айтады.
- **Бұндай кезде науқастың қалауынан тәуелсіз басқарылмайтын ойдың ағымы жайында түсінеді.**

Ойдың үзілуі – шперунг

- 1. тоқтау, үзілу, ойдың бөгелуі, ойдың тежелуімен көрініс береді, ой қысқа уақытқа кенеттен тоқтап қалады.*
- 2. Бастың бос болған сезімі, кейде науқастар “ұрлап алу , тазалаумен” салыстырады және байланыстырады.*
- 3. Шизофрения кезінде болады.*

Резенерлік

- Бос пікір айтуға бейімділік, беткей ұқсастық (аналогия), пікір айту нақты дәлелге негізделмейді. Нәтижесінде өнімсіз, резенерлік ойлау пайда болады, шизофренияға тән.
- *«Идеально здоровых людей нет, у всех что-нибудь да болит. В условиях современного цивилизованного общества это неизбежно, болезни — расплата за прогресс. Судите сами, можно ли говорить, что чувствуешь себя хорошо...».*

Ойдың үзілуі

1. **Ойлардың өзара байланыспайтын механикалық үйлесуі**, реттелмейтін, бір мақсатқа бағытталмаған болып келеді.
2. **Сөйлемдер арасында мағыналық байланыс жоғалады**, кей жағдайларда сақталуы мүмкін.
3. Науқастың не жайлы айтып жатқанын түсіну мүмкін болмайды, сөйлеудің сыртқы формасы сақталғанмен қисынсыз болады.
4. Шизофрения кезінде болады.

Ойдың үзілуі

- *«Все дело в луке. Лук - это виноград. Лицо — это виноградный как... У винограда есть свой как, из него выходят муравьи. У цветка свой как Земля — это тоже как У всего свой как»*

Паралогиялық (алогиялық) ойлау

- Қисынды негізінен айырылған қортындылар мен тұжырымдар деректерді және дәлелдемелерді жоққа шығарады
- Шизофренияға тән.
- Бұндай ойлау қалыпты жағдайда да болады интеллект жетіспеушілігі немесе шаршаған кезде, бірақ көбінесе аффект әсерінен.
- ***Мысалы, құжаттың жоғалуы оның ұрлануымен бағаланады, оның басқада себептерін қарастырмайды. Қандай да бір хабардан жеке бір сөз орамы алынады да пікір қаншалықты қате болғанмен әр кез дәлел ретінде шыға береді. Қалған ақпараттарды естігенмен оларға мән бермейді.***

Жылжымалы ойлау

- Ассоциативті үрдістің белгілі бір мазмұны бар ойлардың қосымша басқа ойлармен ауысуымен көрініс береді.
- Толық немесе жартылай логиканың жоғалуы орын алады.
- Соңғы жағдайларда мағыналық байланыс сақталуы мүмкін, бастапқы ойдың мазмұны ретінде.

Аутистикалық ойлау

- Сыртқы ортадан бөлінген сипатта болады, сыртқы ортамен байланыстың үзілуімен бірге жүріп, науқастың ішкі әлеміне негізделеді, “өз өзіне кету”.
- Аутистикалық ойлауы бар науқас өзінің іс- әрекетінде шынайы құбылыстарға қайшы келеді, ол тек субъективті мақсаттарына сүйенеді.

Символикалық ойлау

- Белгілі бір түсініктер басқа (символдар), тек науқас ғана ұғатын түсінікпен ауысады.
- Символикалық ойлау кезінде қандайда бір құбылыс науқастың психикасында келесі бір құбылыстың белгісі.

Мазмұнына байланысты ойлаудың бұзылыстары

- A. *Сандырақ ойлар.*
- B. *Аса бағалы ойлар*
- C. *Жабысқақ жағдайлар (обсессиялар,
ананказмалар)*

- ***Сандырақ – түзетуге келмейтін, науқаспен мойындалмайтын, науқас өміріне әсер ететін жалған пікір.***

Сандырақтың негізгі белгілері (К. Jaspers, 1920 г.) :

- 1. науқастың өзінің пікірінің дұрыстығына субъективті сенімділігі;
- 2. Сандырақты түзету мүмкін емес
- 3. Шынайылыққа сәйкес келмейді

Сандырақтың диагностикалық белгілері

1. Шынайылыққа сәйкес келмейтін қате пікір мен ой түйіндеулер;
2. Патологиялық жағдайларда пайда болады (ауырған кезде).
3. “қисық логика” заңымен дамиды
4. Түзетуге келмейді
5. Науқастың оған деген сыны жоқ.

Сандырақ пайда болу сатылары

- I. Сандырақтық көңіл -күй
- II. сандырақтық қабылдау
- III. Сандырақтық түсінік
- IV. Сандырақ кристаллизациясы
- V. сандырақтың кері дамуы

- ◎ **Сандырақтық көңіл –күй** – қоршаған ортаны өзгерген қалыпта қабылдап, келе жатқан немесе болатын оқиғаларды келе жатқан қауіп ретінде күтеді.
- ◎ **Сандырақтық қабылдау** – қоршаған ортадағы құбылыстарға үрейдің жоғарлауына байланысты бастапқы сандырақтық ой пайда болуы.
- ◎ **Сандырақтық түсінік** – болып жатқан құбылыстарға сандырақтық түсінік.
- ◎ **Сандырақ кристаллизациясы** – «логикалық» және әр түрлі дәрежедеде қиындықтары бар сандырақтық ой түйіндеулер.
- ◎ **Сандырақтың кері дамуы** - желелей немесе сандырақ жүйесіне сын пайда болуы.

Мазмұнына байланысты жіктелуі:
В.Грезингер бойынша.

- **Ұлылық сандырақ тобы**
- **- (көңіл күйдің жоғарылауымен жүреді):**
 - ***-байлық сандырағы;***
 - ***-ұлылық сандырағы;***
 - ***-дарындылық сандырағы;***
 - ***-аса белгілі адам ұрпағы;***
 - ***-реформаторшы;***
 - ***-сүйіспеншілік эротикалық сандырағы.***

- **Қудалау сандырақ тобы:**
- ***-қудалау сандырағы;***
- ***-әсер ету сандырағы;***
- ***-уландыру сандырағы;***
- ***-қызғану сандырағы;***
- ***-ұрлау сандырағы.***

- **Өзін өзі кінәләу сандырақ**
- **тобы:**
- ***-күнәшілік сандырағы;***
- ***-өзін өзі жою сандырағы;***
- ***-ипохондриялық сандырақ;***
- ***-нигилистік сандырақ;***

- Сандырақ *біріншілік және екіншілік* болып бөлінеді.
- Біріншілік – *жалған пікірден туады.*
- Екіншілік – *галлюцинациядан пайда болады.*

Біріншілік сандырақ

- **Сандырақтың негізі** – жалған интерпретация, түсіну, ой түйіні.
- Сандырақтың басталуы қоршаған ортаның шынайы дерегі немесе іштей сезіну мен уайымдар.
- Әр кез қате ой түйіндер, паралогия болады.
- Мазмұны әр түрлі болады, кей жағдайларда бір тақырыпты болады.
- Жүйеленген интерпретативті сандырақ
 - **Негізгі сандырақ түрлері:**
 - кверулянт сандырағы (сутяжный бред),
 - реформаторлық сандырақ,
 - Тапқырлық сандырағы,
 - Діни сандырақ,
 - Қызғану сандырағы.

Екіншілік сандырақ

- Психопатологиялық бұзылыстар кезінде пайда болады: аффективті, галлюцинаторлы, психикалық автоматизм белгілері, сананың бұлыңғырлануы.
- Екіншілік сандырақтың қарқындылығы қандай бұзылыс кезінде пайда болуына байланысты.
- Галлюцинаторлы сандырақ
- Аффективті сандырақ (депрессивті, экспансивті)

- **Паранояльды синдром** - ойлау қабілетінің бұзылысы синдромы. Науқаста қуғындау фабуласы, қызғаншақтық, ойлап табу, ипохондриялық сандырақ жіне материалды зақым келтірушілік сандырағы болады. Ал галлюцинация болмайды. Аурадың бастапқы кезінде шындыққа сай идеялар айтады сондықтан патологиядан айыру қиынға түседі. Ол шизофрения мен қатар инволюционды психозда, паранойальды психопатияның декомпенсациясында кездеседі. Психикалық автоматизм болады. Ақылға сыймайтын сандырақ айта бастайды.

- **Парафренді синдром**- фантастикалық сандырақ синдромы. Созылмалы сандырақта парафренді синдром біртіндеп ақыл кемдігіне ауысады, жедел түрінде онейроидты типтегі сана күңгірттенуіне ауысады. Ұлылық идеясы тән, сандырақтық идеялар (есту гал-я, псевдогал-яр, псих-қ автоматизм) оғаштықпен, табанды тұжырымдау ешқандай дәлелсіз келтіреді. Конфобуляциялар (әлем билеуші, өздерін өлмейтін адам санайды, атақты адамдардың кітабын өзім жаздым деп атайды. Космосқа ұштым) Көңіл күйі не көтеріңкі не депрессиялы.

- **Психикалық автоматизм** – Кандинский – Клерамбо. Осы аурудың компоненттері – психикалық автоматизм, псевдогаллюцинациялар, әсер ету сандырағы.
- Автоматизмнің 3 түрі:
- **идиаторлы** (ассоциативті, ойлау. Вербальды псевдогаллюцинация болады);
- **сенсорлы** (сенестопатиялық, сезімталдық. Дәм сезу және иіс сезі псевдогаллюцинациясы болады);
- **моторлы** (кинестетикалық, қозғалыстық. Науқас өзінің іс қимылдарын еріксіз жасалады, яғни біреудің басқаруымен жасалады деп айтады. Осының әсерінен ішкі ағзаларын зақымдайды немесе аяқ астынан өлімге алып келеді деп санайды.

- **Параноидты синдром-**(галлюцинаторлы-параноидты синдром-) өзара органикалық галлюцинаторлы және сандырақтық бұзылыстар әр түрлі ара қатынаста көрінетін синдромдар. Егер галлюцинация басым болса галлюцинаторлы, сандырақ идеясы басым болса, параноидты деп аталады. Параноидты сандыраққа сәйкес келген қате пікірлер жүйесі сақталуы мүмкін, бірақ оның ыдырау белгілері табылады: жүріс-тұрысында оғаштық, сандырақ мазмұнының басым аффектіге және галлюцинацияға (псевдогал-яға) тәуелділігі, олар да параноидты сатыда пайда болады. Жүйелендірілген политематикалық сандырақпен сипатталады, алдау, қабылдау, және вербалды түрінде кездеседі. тактильді гал-ямен жиі психикалық автоматизммен көрінеді. Сандырақ құрамына қызғаныш, жаңалық ашу, аңду, кейде ипохондриялық жағдай жатады.

Өте бағалы ойлар

- Шынайы факторлар базасында п.б., науқастың шамадан тыс эмоциональді жауабына байланысты санада басымдық көрсететін пікірлер. Сандырақтан айырмашылығы, бұнда ой шынайы, критикасы жоқ, өзін бақылау төмендеген. Науқас тек бір ойды басқалардан жоғары қояды, соны өмір бойы ұстанады. Доминирлеуші ой ретінде қызғаныш, қудалау, діни және саяси убеждение, дене шынықтырумен айналысу, диета ұстау. Мыс: жұмыста өз қызметкерлерін денсаулықтарына немқұрайлы қарағаны үшін сөгеді; әртүрлі ешкімге керексіз приборларды ойлап табады. Шекаралық жағдайларда, параноялді психопатияда, депрессияда, шизофренияда болады.

- **Жабысқақ ой.**-еріктен тыс п.б., науқас ойын жаулап алатын және науқас үшін бөтен, дертті жағдайы ретінде қабылданатын ойлар мен күйзелістер, науқас ойларды өз ерік күшімен жене алмайды. Түрлері: **бейтарап**, яғни науқас үшін эмоциялық реакциямен жүрмейді (жабысқақ санау, терминдерді, есімдерді, күндерді еске түсіру), **бейнелік** науқас үшін ауыр және айқын аффективті жауаппен көрінеді (жабысқақ күдіктенулер, жабысқақ тілектер, әуестіктер, қимылдар, әрекеттер: есік, кран жабылды ма деп күдіктену), **жабысқақ қорқыныштар/фобия** аффективті қанықтылығымен ерекшеленеді (концерофобия, сифилофобия, кардиофобия, танатофобия-өлімнен қорқу, мезофобия-ластанудан, клаустрофобия, агорофобия-ашық кеністіктен, алаңнан, эритрофобия-өзге адам алдында қызарып кетуден қорқу, фобифобия-фобия п.б.қорқу).